

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Түрік Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 9 қыркүйектегі N 866

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Түрік Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және өзара пайдалы ынтымақтастықты қамтамасыз ету, екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі кеңейту мен дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Түрік Республикасына 1998 жылғы 14-18 маусымдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі қоса беріліп отырған Шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы

органдары мен ведомстволары Жоспарда көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы кемінде жарты жылда бір рет хабарлама жасап отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 9 қыркүйектегі
N 866 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
1998 жылғы 14-18 маусымдағы Түрік Республикасына ресми
сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен
уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі шаралар
Жоспары

N | Шара | Атқарылу нысаны

1 | 2 | 3

I. Қол қойылған келісімдерді іске асыру

1.1. |Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына|Үкімет қаулысы

|Қазақстан Республикасының Үкіметі мен |
|Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы |
|Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы |
|келісімді бекіту туралы ұсыныс енгізу |

1.2. |1.1-тармақта белгіленген Келісімнің іске |Атқарылуы туралы

|асырылуына бақылау орнату |ақпарат

II. Келісімдерді келісу және оларды қол қоюға әзірлеу

2.1. |Қазақстан Республикасының Үкіметі мен |Қол қоюға әзірлеу

|Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы |
|шағын және орта бизнесті қолдану туралы |
|келісім |

2.2. |Қазақстан Республикасы мен Түрік |Қол қою

|Республикасы арасындағы 1999-2000 |
|жылдардағы мәдени алмасу бағдарламасы |

III. Қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру

3.1. |Қазақстан Республикасы мен Түрік |Үкімет қаулысы

|Республикасының арасындағы алдағы 10 жылға|
|сауда-экономикалық айналымды ұлғайту |
|бағдарламасын әзірлеу және түрік тарапымен|
|келісу, оны Қазақстан Республикасы |
|Үкіметінің бекітуіне ұсыну |

3.2. |Түркияның Эксимбанкімен шағын және орта |Келісім

|бизнесті қолдауға арналған 300 млн. АҚШ |
|долл. сомасындағы жеңілдетілген кредитті |
|Қазақстанға бөлу мәселесін пысықтауды |

|жалғастыру

|

3.3.|Түрік тарапы және басқа да мүдделі |Түрік тарапымен
|тараптармен Баку-Джейхан бағыты бойынша |Баку-Джейхан
|Қазақстан көмірсутегі шикізатын тасымалдау|құбырының ТЭН әзірлеу
|жобасын әзірлеуді жалғастыру |бойынша жұмыс тобын
| |құру

3.4.|Қазақстан-Түрік үкіметаралық экономикалық |Комиссияның
|комиссиясының мерзімін келісу және оны |3 отырысы
|өткізу |

Атқарылу мерзімі | Атқарылуына жауаптылар

4

|

5

1.1.|1998 жылғы қыркүйек |Білім, мәдениет және денсаулықмині

1.2.|Жарты жылда 1 рет |Білім, мәдениет және денсаулықмині

2.1.|1998 жылдың IV тоқсаны |Шағын бизнесті қолдау жөніндегі
| |агенттік

2.2.|1998 жылдың IV тоқсаны |Білім, мәдениет және денсаулықмині

3.1.| "-" |Энергетика, индустрия және
| |саудамині, Инвестициялар жөніндегі
| |мемлекеттік комитет, Көліккоммині,
| |Қаржымині, Сыртқыісмині

3.2 | "_ " |Шағын бизнесті қолдау жөніндегі
| |агенттік, Эксимбанк, Ұлттық банк,
| |Қаржымині, Сыртқыісмині

3.3.|1998 жылдың IV тоқсаны |Көліккоммині, Энергетика,
| |индустрия және саудамині,
| |"Қазақойл" ҰМК, Сыртқыісмині

3.4. | 1998 жылдың III-IV тоқсаны | Энергетика, индустрия және
| | саудамині, Сыртқыісмині

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК